



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 м. 30 қаңтар № 46
Астана қ.

г. Астана

**12 жылдық білім беруге көшудің
кейбір мәселелері туралы**

12 жылдық білім беруге көшу жағдайында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндетін орындау үшін
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Әліппе», «Математика» оқулықтарын апробациядан өткізу үшін білім беру ұйымдарының тізімі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес оқулықтардың пилоттық жобаларын апробациядан өткізу үшін бес жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Әліппе», «Математика» білім беру бағдарламалары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (З.Ә. Махсұтова):

1) осы бұйрықты «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы «_____» _____
№ _____ бұйрығына 1-қосымша

**«Әліппе», «Математика» оқулықтарын апробациядан өткізетін
білім беру ұйымдарының тізімі**

№	Өңірдің атауы	Білім беру ұйымының атауы
1.	Астана қаласы	1. № 69 мектеп-гимназиясы
		2. № 26 «Үміт» бөбекжай-бақшасы
		3. № 32 «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы
		4. № 38 «Шаттық» бөбекжай-бақшасы
		5. № 1 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы
2.	Алматы қаласы Алмалы ауданы	6. № 15 гимназия
	Алматы қаласы Алатау ауданы	7. № 78 бөбекжай-бақша
	Алматы қаласы Медеу ауданы	8. № 110 бөбекжай-бақша
	Алматы қаласы Түркісіб ауданы	9. № 65 бөбекжай-бақша
	Алматы қаласы Түркісіб ауданы	10. № 185 бөбекжай-бақша
3.	Ақмола облысы Степногор қаласы	11. С. Сейфуллин атындағы № 5 мектеп-лицейі
	Ақмола облысы Целиноград ауданы Қабанбай батыр ауылы	12. «Балауса» балабақшасы
	Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылы	13. «Аялы-Ай» балабақшасы
	Ақмола облысы Бұланды ауданы Никольск ауылы	14. Никольск орта мектебі
4.	Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Новое ауылы	15. Новый орта мектебі
	Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы	16. № 7 «Арман» мектепке дейінгі гимназиясы
	Ақтөбе облысы	17. № 1 «Еркетай» бөбекжай-бақшасы

	Алға ауданы Алға қаласы	
5.	Алматы облысы Талдықорған қаласы	18. Ш. Уәлиханов атындағы № 10 орта мектеп-гимназиясы
	Алматы облысы Талдықорған қаласы	19. № 42 балабақша
	Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы	20. «Ұлан» балабақшасы
6.	Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық ауылы	21. Ж. Мырзағалиев атындағы орта мектеп
7.	Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы	22. № 39 орта мектеп
	Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы	23. № 106 «Қарлығаш» мектепке дейінгі ұйымы
	Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Үлгілі малшы ауылы	24. «Абай атындағы мектеп-балабақша» кешені
	Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы	25. Лингвистика және компьютерлік технологиялар мектеп-гимназиясы жанындағы «Нұр-Дәулет» балабақшасы
	Шығыс Қазақстан облысы Глубокий ауданы Глубокий кенті	26. «Пчелка» балабақшасы
8.	Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Новая жизнь ауылы	27. Шаған жалпы білім беретін орта мектебі
9.	Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Құлан ауылы	28. № 1 мектеп-лицейі
10.	Қарағанды облысы Қарағанды қаласы	29. «Алтын сақа» балабақшасы
	Қарағанды облысы Нұра ауданы Киевка кенті	30. № 2 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі
	Қарағанды облысы Жезқазған қаласы	31. № 6 «Балауса» бөбекжай-бақшасы
11.	Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті	32. № 31 орта мектеп

12.	Қостанай облысы Жітіқара ауданы Жітіқара қаласы	33. «Дружба-97» ЖШС-нің бөбекжай-бақшасы
	Қостанай облысы Лисаков қаласы	34. «Улыбка» бөбекжай-бақшасы
	Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Свердловка ауылы	35. Свердлов орта мектебі
13.	Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Баутино кенті	36. М. Горький атындағы мектеп-лицей
	Маңғыстау облысы Ақтау қаласы	37. № 43 «Батыр» бөбекжай-бақшасы
		38. № 4 «Аққу» балабақшасы 39. № 46 «Балбұлақ» балабақшасы
14.	Павлодар облысы Павлодар қаласы	40. № 126 бөбекжай-бақшасы
	Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайың кенті	41. № 1 Майқайың жалпы орта білім беру мектебі
	Павлодар облысы Екібастұз қаласы	42. № 12 «Арай» бөбекжай-бақшасы
15.	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы	43. «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы
	Солтүстік Қазақстан облысы М. Жұмабаев атындағы аудан Сарытомар ауылы	44. Сарытомар орта мектебі
	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы	45. «Болашақ» бөбекжай-бақшасы
16	Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы	46. № 65 «Балбұлақ» бөбекжай-бақшасы
	Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы	47. М. Жұмабаев атындағы № 15 мектеп-гимназиясы
	Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Сазтөбе ауылы	48. №16 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы «_____» _____
№ _____ бұйрығына 2-қосымша

Бес жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Әліппе» білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бес жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Әліппе» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген, «Әліппе» оқулығының бірыңғай құрылымын және мазмұнын қарастырады.

2. Мақсаты: бес жастағы балалардың сөйлеу әрекетінің түрлері ретінде тілдің фонетикалық және графикалық жүйесін игеру барысында оқылым мен жазылымның алғашқы дағдыларын меңгеруге дайындау, тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамыту.

3. Міндеттер:

1) фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту, сөзді дыбыстарға бөлуге, сөзге буындық-дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдау жасай білуге үйрету;

2) ойын әрекеті арқылы сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту (тыңдалым мен айтылым, оқылым, жазылым);

3) әріптердің дыбыстық қорының жасалу жолдарын (артикуляциясын) дамыту;

4) қазақ әліпбиіндегі әрбір әріптің дыбыстық мазмұнын үйрету;

5) сөзді буындап, ырғақты, дұрыс оқу дағдыларын қалыптастыру, сөз, сөйлем сызбаларын «оқу» және байланыстырып сөйлеуді дамыту;

6) коммуникативтік дағдыны дамыту: сұхбаттасушыны тыңдай және ести білу, диалог жүргізуге дайындық, өзінің ойын жеткізу;

7) жазу мен каллиграфияның алғашқы дағдыларын (жұмыс дәптерінің жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, әріп элементтерін жазу) қалыптастыру;

8) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (штрихтеу, нүктелерді қосу арқылы бастырып жазу, айналдыра сызу, бояу), жазуға дайындау;

9) ақпаратты талдаудың, салыстырудың, жалпылаудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру;

10) бес жастағы балалардың жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу, шығармашылық белсенділікті және дербес әрекетті дамыту.

4. Білім беру процесін ұйымдастыру бес жастағы тәрбиеленушілердің

жасына сәйкес дәстүрлі және инновациялық жұмыс түрлері мен әдістерге негізделеді.

5. Ұйымдастырылған оқу қызметі ізгілендіру, жүйелілік және сабақтастық, көрнекілік, қолжетімділік, интеграциялау принциптеріне сәйкес құрылады.

2-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

6. «Әліппенің» оқу жүктемелік көлемі аптасына 2 сағатты, оқу жылында 64 сағатты құрайды.

7. «Әліппені» оқыту барысында әріптерді үйретудің бірыңғай реттілігі қолданылады: Aa, Áá, Nn, Nń, Ll, Rr, Oo, Óó, Tt, Pp, Ee, Mm, Bb, Dd, Kk, Qq, Ii, Yy, Uu, Úú, Gg, Ğğ, Jj, Zz, Vv, Iı, Ýý, Ss, Hh, Shsh, Chch, Ff. Әріптерді енгізудің реттілігі оқуға арналған сөздер мен сөйлемдердің санын арттыру мақсатында тілдегі қолданылатын дыбыстардың (әріптердің) қолжетімділігі және жиілігі, мақсаттылығы қағидаттарымен анықталған.

8. Оқытудың мазмұны.

Тыңдалым және айтылым (ауызша сөйлеу және фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту):

1) педагог пен балалардың сөзін, аудио/бейнежазбаларды тыңдай білуін дамыту, естіген ойды түсіну, сұрақтарға дұрыс және нақты жауап беру, коммуникативтік мақсаттарға сәйкес тілдесу дағдыларын дамыту (топтағы қарым-қатынас, диалогке қатысу, сахналау, рөлдік ойындар), этикет сөздерді қолдану, сөздік қорды байыту;

2) әріптердің дыбыстық қорының жасалым жолын үйрету, жаңылтпаш, тақпақ, санамақ, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды айтқызу арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

3) диалогтік және монологтік сөйлеуді дамыту үшін жағдай жасау, қабылдауы, қиялы және өз тәжірибесі бойынша әңгіме құрастыру, басқа адамдардың әрекеттері мен сезімдеріне пікірін айту, өзінің эмоционалдық жағдайын жеткізу тәсілдері;

4) вербалды емес тілдесу құралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдану;

5) сюжетті суреттер топтамасы негізінде ертегілер айту, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, тыңдалған мәтінді айтып беру;

6) сөздің мағынасы мен мәні, сөздің мағынасын түсіну, сөзді мағынасы бойынша қолдану, сөздік қорды байыту, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес айту;

7) тыңдалған шығарманың мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шығармада кім, не туралы айтылғанын анықтау, мазмұнына пікірін білдіру (ұнайды/ұнамайды, себебі ...) және басты кейіпкерлеріне мінездеме беру;

8) сөйлемдер мен шағын мәтіндер құрастыру;

9) сөйлеу мақсатына қарай сөйлеуде интонацияны сақтау (хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдердің интонациясы).

Оқылым (әліпбидегі әріптерді үйрету, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру):

- 1) суреттер, сызбалар түрінде ақпаратты «оқу» және түсіну;
- 2) буын – ең кіші айтылым бірлігі, буындар мен сөздердің дыбыстық құрылымы, дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуі (артикуляциялық, акустикалық, функционалдық аспектілері), сөздерді буындарға бөлу, сөздің дыбыстық және әріптік құрылымының сәйкестігін/сәйкессіздігін анықтау, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес айту;
- 3) сөздегі буындар санын анықтау;
- 4) сөзге дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдау жасау, дыбыс пен әріпті ажырату, сөздің дыбыстық формасын оның әріппен жазылуы бойынша қайталау (оқу), сөздерді буындап ырғақты оқуға үйрету;
- 5) сөздің мағынасын бақылау.

Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру):

- 1) қолды жазуға дайындау (жазу кезінде қаламды ұстай білу); жазудың гигиеналық талаптарын сақтау (дұрыс отыру, дәптердің орналасуы);
- 2) дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоғары кеңістікті ажырату, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, көлбеу сызықтар);
- 3) сурет салу, сызықтар жүргізу, бастыру.

3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

9. Оқу мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде берілген және әр бөлімше бойынша сабақтастықта ұйымдастырылған.

Әрбір тәрбиеленушінің оқу материалын игеру нәтижелері 3 деңгеймен анықталады:

- 1-деңгей – бала қандай да бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2-деңгей – бала белгілі білім қорына ие және істеп жатқанын түсінеді;
- 3-деңгей – бала өзінің білетінін және жасай алатынын қолданады, білімін өз бетінше және шығармашылықпен қолдана алады.

10. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімшені, ал төртінші сан оқу мақсатының ретін білдіреді. Мысалы, 0.1.1.1 кодта «0» – сынып, «1.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

1-бөлім. «Тыңдалым және айтылым»

Дағдылар	Оқу мақсаттары
1.1. Тыңдалған материалдың	0.1.1.1 «дыбыс», «әріп», «буын», «сөз», «сөйлем» ұғымдарын білу;

мазмұнын түсіну	0.1.1.2 «дыбыс» пен «әріп» ұғымдарын ажырату; 0.1.1.3 тыңдалған қысқа мәтіндердің мазмұнын түсіну;
1.2. Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.2.1 суреттерге сүйеніп, тыңдалған мәтінді мазмұндау;
1.3. Сөздердің дыбысталу формасын бағдарлау	0.1.3.1 дыбыстарды дұрыс, анық айту; 0.1.3.2 сөздің басындағы, ортасындағы және соңындағы дыбысты табу; 0.1.3.3 дыбыс түрлерін ажырату (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар), оларды дұрыс айту; 0.1.3.4 сөздегі дыбыстарды ажырату, берілген дыбысқа сөз табу; 0.1.3.5 сөздің буыннан тұратынын түсіну, сөздегі буын санын және ретін анықтау;
1.4. Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	0.1.4.1 әңгімеге араласу, сөйлеу этикетінің нормаларын қолданып, сұрақтарға жауап беру және сұрақтар қою; 0.1.4.2 диалогтік және монологтік формада ойын жеткізу;
1.5. Тыңдаушылардың назарын аудару	0.1.5.1 ойын жеткізу үшін сөйлеу барысында вербалды емес тілдесу құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын қолдану;
1.6. Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	0.1.6.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын білдіру (ұнайды/ ұнамайды); 0.1.6.2 берілген тақырып бойынша мәтіннің жалғасы мен соңын ойлап табу;
1.7. Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.7.1 оқылған мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау;
1.8. Сұрақтар мен жауаптарды құрастыру	0.1.8.1 мәтін, иллюстрациялар бойынша сұрақ құрастыру, оқылған мазмұн бойынша сұрақтарға жауап беру;
1.9. Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	0.1.9.1 қабылдауы, қиялы және өз тәжірибесі бойынша әңгіме құрастыру.

2-бөлім. «Оқылым»

Дағдылар	Оқу мақсаттары
2.1. Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 сөздің/сөйлемнің сызбасын «оқу»; 0.2.1.2 әріптің графикалық бейнесін тану; 0.2.1.3 сөзді буындап, ырғақты оқу;

2.2. Сөздердің графикалық пішінін бағдарлау	0.2.2.1 әріптерді тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.
---	--

3-бөлім. «Жазылым»

Дағдылар	Оқу мақсаттары
3.1. Жазу дағдыларын қалыптастыру	0.3.1.1 жазу кезінде қаламды ұстай білу, жазудың гигиеналық талаптарын сақтау (дұрыс отыру, дәптердің орналасуы); 0.3.1.2 сурет салу, сызықтар жүргізу, жиектер мен әріптердің элементтерін бастыру; 0.3.1.3 дәптердің жазу бетін бағдарлау, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату, жазба әріптердің элементтерін жазу.

Бес жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Математика» білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бес жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Математика» білім беру бағдарламасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

2. Мақсаты: бес жастағы балалардың қарапайым логикалық-математикалық ұғымдарын қалыптастыру және танымдық, зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Міндеттері:

1) шынайылықты танудың математикалық әдістерімен таныстыру: санау, өлшеу, қарапайым есептеу;

2) ақыл-ой қимыл тәсілдерін үйрету (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, топтастыру, модельдеу, құрастыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;

3) таным процестерін дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық қабілеттер, қиялдау, баламалы ойлау;

4) бес жастағы балалардың жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу, шығармашылық белсенділікті, дербес әрекетті дамыту.

4. Білім беру процесін ұйымдастыру бес жастағы тәрбиеленушілердің жасына сәйкес дәстүрлі және инновациялық жұмыс түрлері мен әдістерге негізделеді.

5. Ұйымдастырылған оқу қызметі ізгілендіру, жүйелілік және сабақтастық, көрнекілік, қолжетімділік, интеграциялау қағидаларымен құрылады.

2-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру

6. «Математика» оқулығымен оқыту бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағатты, оқу жылында 32 сағатты құрайды.

7. Математикалық ұғымдарды меңгеру ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойын, бейнелеу, шығармашылық, құрастыру іс-әрекеттерінде іске асырылады.

8. Әрбір тәрбиеленушінің оқу материалын игеру нәтижелері 3 деңгеймен анықталады:

1-деңгей – бала қандай да бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-деңгей – бала белгілі білім қорына ие және істеп жатқанын түсінеді;

3-деңгей – бала өзінің білетінін және жасай алатынын қолданады, білімін өз бетінше және шығармашылықпен қолдана алады.

9. Оқытудың мазмұны.

1.1. Заттардың кеңістікте орналасуы.

Қағаз бетінде, кітап бетінде, тор көз дәптердің қатарында және бағанында орналасуын бағдарлау. Заттардың кеңістікте орналасуын (сол жақта, оң жақта, үстінде, астында); қимылдардың бағытын анықтайды: солға-оңға, оңға-солға, үстіне-астына, алға, артқа, сол бағытта, қарама-қарсы бағыттарды білдіретін ұғымдарды игеру: алыс, жақын, алысырақ, жақынырақ, биік, төмен, жанында. Кеңістік ұғымдарын бекіту.

1.2. Уақытты бағдарлау.

Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айту. Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Жыл мезгілі, тәулік бөліктері, апта күндері, ай, жыл. Көктем, жаз, күз, қыс айлары. Сөйлеуде «бүгін», «ертең», «кеше», «бүрсігүні», «алдыңгүні», «ұзақ», «қазір-кейін», «бұрын-жақында», «жылдам-баяу» ұғымдарын қолдану. Кеңістікті бағдарлау: сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, алда (алдында), артында, арасында.

1.3. Салмақты бағдарлау.

Дүкендерде қолданылатын таразы туралы түсінік. Салмағы бойынша ауыр және жеңіл заттарды алақанына салып, өлшеп анықтау.

2.1. Санау және заттардың саны.

Сөйлегенде математикалық терминдерді қолдану, 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарды қалыптастыру, оларды тану және атау. Көрнекілік негізінде 1-10 дейінгі сандардың жасалуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тура және кері санау, 20 көлеміндегі санды тура санау. 0-ден 10-ға дейінгі сандармен танысу.

1-ден 10-ға дейінгі цифрларды тор көзге жазу. Таяқшалар, иректер, қисық және сынық сызықтар салу, штрихтау және бояу.

Реттік сан есімді қолданып (бірінші, екінші...), 10 көлеміндегі сандарды санау. 1-ден 20-ға дейінгі заттардың саны мен цифрларды салыстыру. Көрші сандарды салыстыру. «Артық», «кем», «саны бірдей» деген ұғымдар. Негізгі математикалық таңбалар: +, -, =, >, <.

2.2. Жиын.

Сандар түрлі жиындардың көрсеткіші екендігі, жиын түрлі элементтерден құрылатындығы туралы түсінік. Бір ғана заттың санын емес, сонымен қатар бүтін бір топтағы заттардың жиынтығын білдіретін «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. Заттарды тең және тең емес бөліктерге бөлу. Бөліктер мен тұтасты салыстыру.

2.3. Шамалар.

Ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы әртүрлі (5 және одан артық) заттардың арасындағы өлшемдік қатынасты орнату. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Көлемі бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды түрлі белгілері бойынша (түс, пішін, өлшем, материал) салыстыру.

Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

«Үлкен-кіші», «үлкендеу-кішілеу», «өлшемдері бірдей», «ұзындау-қысқалау», «ұзындықтары бірдей», «жоғарылау-төмендеу», «биіктігі бірдей», «кендеу-тарлау», «ені бірдей», «жуандау-жіңішкелеу», «жуандығы бірдей»; «жеңілдеу-ауырлау», «салмағы бірдей»; «пішіндері бірдей және әртүрлі»; «түстері бірдей және әртүрлі» сөздерін қолдану.

Беттестіру және тұтастыру әдістерін, жұппен салыстыру тәсілін қолданып, заттарды салыстыру. Топ заттардан 2-3 белгілері бойынша затты бөліп алу. Топ заттардан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты табу. Көзбен заттардың қасиеттерін салыстыру, жалпылау және талдау.

2.4. Қарапайым есептеулер.

Көрнекілік негізінде қосу мен азайтуға қарапайым есептерді құрастыру және оларды шешу.

3.1. Фигуралар және денелер.

Дөңгелекпен және тіктөртбұрышпен салыстыру негізінде сопақшамен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, текше, төртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажырату және дұрыс атау. Геометриялық фигуралармен танысу: үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, дөңгелек, сопақша. Фигуралардың қырларын, бұрыштарын, биіктігін көрсету және атау.

Геометриялық фигураларды салыстыру, талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау. Шартты өлшемнің көмегімен фигуралардың жақтарының (қырларының) ұзындығын өлшеу және геометриялық фигураларды тор көз дәптерлерде және парақтарда бейнелеу. Фигураларды 1-3 белгілері бойынша (пішіні, өлшемі, түсі) топтастыру.

3.2. Фигуралардың өзара орналасуы.

8-10 бөліктерден фигураларды құрастыру.

Қоршаған ортадағы заттардың пішіні (шкаф – тіктөртбұрыш, күн – дөңгелек). Көлемді фигуралармен таныстыру: шар, куб, конус, цилиндр, пирамида. Көлемді фигураларды жазық фигуралармен салыстыру.

Қоршаған ортада көлемді фигуралардың пішіні бар заттарды (доп – шар пішінді, құбыр – цилиндр және т.б.) табу.

3.3. Графикалық жұмыстар.

Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту: штрихтау және бояу, нүктелерді, өрнектерді салу. Тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық сызықтарды тор көз дәптерлерге сызу. Штрихтар бойынша цифрларды бастыру. Тор көзді, дәптерді, қағаз бетін, жазықтықты бағдарлау. Берілген бағытта графикалық диктанттарды (есту арқылы тор көздер бойынша) орындау.

4.1. Логикалық тапсырмалар.

Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды табу. Топ заттардан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөлу. Заттардың логикалық қатарын жалғастыру. 1-3 белгілері бойынша заттарды топтастыру.

Басқатырғыштарды, қалталарды жинау, арифметикалық домино, логикалық ойындар және т.б ойнау.

5.1. Математикалық тіл және математикалық модель.

«+» және «-» таңбаларын санды біріктіретін және азайтатын белгілер ретінде қолдану. =, >, < таңбаларын тану.

3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

10. «Математика» оқулығы бойынша сабақтың мазмұны бөлімшелерден тұратын оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылады. Оқу мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде әр бөлімше бойынша сабақтастықпен берілген.

11. Оқу мақсаттары кодпен берілген. Бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, ал төртінші сан оқу мақсатының нөмірін білдіреді. Мысалы, 0.2.1.4 «0» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының нөмірі.

1. Кеңістікті бағдарлау	1.1. Заттардың кеңістікте орналасуы;
	1.2. Уақытты бағдарлау;
	1.3. Салмақты бағдарлау;
2. Сан және санау	2.1. Санау және заттардың саны;
	2.2. Жиын;
	2.3. Шамалар;
	2.4 Қарапайым есептеулер;
3. Геометриялық фигуралар	3.1. Фигуралар мен денелер;
	3.2. Фигуралардың өзара орналасуы;
	3.3. Графикалық жұмыстар;
4. Логика элементтері	4.1. Логикалық тапсырмалар;
5. Математикалық модельдеу	5.1. Математикалық тіл және математикалық модельдеу.

1-бөлім. Кеңістікті бағдарлау

Бөлімше	Оқу мақсаттары
1.1. Заттардың кеңістікте орналасуы	0.1.1.1 белгі бойынша бағытын өзгерте отырып, белгілі бір бағытта жүру; 0.1.1.2 сол немесе басқа заттың өзіне немесе басқа затқа қатысы бойынша орналасуын ауызша айту; 0.1.1.3 алыс, жақын, алысырақ, жақынырақ, жоғары, төмен, қатар ұғымдарын білу; 0.1.1.4 кеңістікті бағдарлау: сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, алда (алдында), артында, арасында;
1.2. Уақытты	0.1.2.1 түрлі оқиғалар реттілігін білу: тәулік

бағдарлау	бөліктері, жыл мезгілдері, апта күндері; 0.1.2.2 жыл айлары туралы түсіну, олардың реттілігін білу және атау; 0.1.2.3 аптадағы күн санын/жылдағы айлардың санын білу;
1.3. Салмақты бағдарлау	0.1.3.1 дүкендерде қолданылатын таразылар туралы түсінікке ие болу; 0.1.3.2 алақандарында өлшей отырып, салмағы бойынша ауыр және жеңіл заттарды табу.

2-бөлім. Сан және санау

Бөлімше	Оқу мақсаттары
2.1. Санау және заттардың саны	0.2.1.1 сөйлегенде математикалық терминдерді қолдану; 0.2.1.2 заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау; 0.2.1.3 10 көлеміндегі санды тура және кері санау, 20 көлеміндегі санды тура санау; 0.2.1.4 топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып, санын салыстыру/теңдік пен теңсіздікті анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәнін жалпылау; 0.2.1.5 кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсіну; 0.2.1.6 кез келген саннан бір санды кемітсе, оның алдындағы сан шығатынын түсіну;
2.2. Жиын	0.2.2.1 заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру; 0.2.2.2 жазық заттарды ортасынан (бір, екі немесе үш рет) бүктеу арқылы затты екі, төрт немесе сегіз тең бөліктерге бөлу; 0.2.2.3 жиын элементтерін атау;
2.3. Шамалар	0.2.3.1 заттарды өлшемдері бойынша өсу және кему ретімен орналастыру; 0.2.3.2 шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстыру; 0.2.3.3 алақандарына салып өлшеп салмағы бойынша тең және тең емес заттарды анықтау;
2.4 Қарапайым есептеулер	0.2.4.1 көрнекілік негізінде қосу мен азайтуға қарапайым есептерді құрастыру және оларды шешу.

3-бөлім. Геометриялық фигуралар

Бөлімше	Оқу мақсаттары
3.1. Фигуралар мен денелер	0.3.1.1 геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атау және ажырату; 0.3.1.2 геометриялық фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) 1-3 белгілері бойынша (пішіні, өлшемі, түсі, жуандығы) топтастыру; 0.3.1.3 геометриялық фигуралар мен денелерді тор көз қағаздағы нүктелер бойынша атау және көрсету;
3.2. Фигураларды модельдеу	0.3.2.1 затты бірнеше тең бөліктерге бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру; 0.3.2.2 геометриялық фигураларды модельдеу: бірнеше кіші шаршылардан – бір үлкен тіктөртбұрыш; дөңгелектің бөліктерінен – дөңгелек, екі қысқа кесіндіден – бір ұзын және басқаларын құрастыру; 0.3.2.3 фигураларды ауызша суреттеу және көрсету бойынша құрастыру; 0.3.2.4 көлемді фигураларды жазық фигуралармен салыстыру;
3.3. Графикалық жұмыстар	0.3.3.1 тор көз дәптерде нүктелер, өрнектер салу, тік және көлбеу таяқшалар, қисық және сынық сызықтар сызу; 0.3.3.2 кескіндерді контуры бойынша штрихтау және бояу; 0.3.3.3 тор көзде, дәптерде, қағаз бетінде, жазықтықта бағдарлау; 0.3.3.4 берілген бағытта графикалық диктанттарды орындау (есту арқылы тор көздер бойынша); 0.3.3.5 1-ден 10-ға дейін тор көзде сандарды жазу.

4-бөлім. Логика элементтері

Бөлімше	Оқу мақсаттары
4.1. Логикалық тапсырмалар	0.4.1.1 суреттерден логикалық байланыстар мен айырмашылықтарды табу; 0.4.1.2 заттардан ортақ ұқсастықтарды табу және оларды 1-2 белгілері бойынша топтарға біріктіру; 0.4.1.3 топ заттардан 1-2 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу; 0.4.1.4 талдау, салыстыру, қарапайым ой

	қорытындысын жасау, ең маңыздысын бөліп көрсету.
--	--

5-бөлім. Математикалық модельдеу

Бөлімше	Оқу мақсаттары
5.1 Математикалық тіл және математикалық модель	0.5.1.1 «+» таңбасын заттар санын біріктіретін белгі ретінде және «-» таңбасын заттар санын азайту белгісі ретінде түсініп, қолдану; 0.5.1.2. =, >, < таңбаларын тану.